

Құрамына Харбин ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтының

Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетіне құрамына Харбин ветеринариялық ғылыми-зерттеу институтының доценттері Guo Wei мен Wu Xinzhou және қытайлық Beijing clean air компаниясының менеджерлері Zhang Shu Qing мен Li Li Guo кіретін делегация іс-сапармен келді. Сапардың мақсаты ветеринариялық зертхананы жобалауды аяқтау болып табылады. Осы сапар аясында құрылатын зертхана негізінде Харбин ветеринариялық ғылыми-зерттеу институты мен С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ ғалымдары арасында ортақ ғылыми зерттеулер орындауды бағдарлау жобаланады.

